

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
«ЖЕЛЕЗИН АУДАНЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
БАШМАШЫН ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «БАШМАЧИНСКАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ЖЕЛЕЗИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жыл 29 қаңтар № 1-03/333

Башмашын селосы

**2025–2026 оқу жылында 9-сынып
білім алушыларының қорытынды
аттестациясын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Павлодар облысы білім басқармасының Железинка ауданы білім бөлімінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 1-04/55 бұйрығы негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестация жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, сондай-ақ 9-сынып білім алушыларының қорытынды аттестациясын ұйымдасқан түрде өткізу мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025–2026 оқу жылында білім алушылардың қорытынды аттестациясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссияға:

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қорытынды аттестацияны ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз ету;
- объективтілік, ашықтық және академиялық адалдық талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
- қажетті құжаттамаларды дайындау;
- есептік материалдарды уақтылы рәсімдеу және тапсыру;

– 2025–2026 оқу жылында 9-сынып білім алушыларының қорытынды аттестациясын ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу (1-қосымша) міндеттелсін.

2. Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары Румянцева Оксана Александровнаға 9-сынып білім алушыларының қорытынды аттестациясын өткізу мәселелері бойынша білім алушылар, педагогтер және ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары Румянцева Оксана Александровнаға жүктелсін.

Мектеп басшысы



Жулекенова Д.А.

**2025-2026 оқу жылында 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын
ұйымдастыру
және өткізу жөніндегі іс шаралар жоспары**

р/с №	Іс шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу				
1	Қорытынды аттестаттауды өткізу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Мектеп әкімшілігі	БАҚ-та, әлеуметтік желілерде, білім беру ұйымдарының сайттарындағы ақпарат	2026 жылғы қаңтар - мамыр
2	Ата-аналармен және 9-сынып оқушыларымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшісі	Жиналыс хаттамалары, әлеуметтік желілерде, мектеп сайтындағы ақпарат	2026 жылғы қаңтар - мамыр
3	9-сыныпта сабақ жүргізетін пән мұғалімдерімен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	МБОЖО Румянцева О.А.	Жиналыс хаттамалары, әлеуметтік желілер мен мектеп сайтындағы ақпарат. 9-сыныптарда қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша консультациялар кестесі.	2026 жылғы қаңтар - мамыр
2. 9-сыныптарды қорытынды аттестаттаудың дайындық кезеңін ұйымдастыру және өткізу				
4	Білім алушыларды қорытынды аттестаттау бойынша мектеп комиссиясын құру	Мектеп әкімшілігі	Мектеп бұйрығы	2026 жылғы, 1 ақпанға дейін
3. Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу				
5	Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін мектепте жағдай жасау (кабинеттер, компьютер техникасымен қамтылуы, кеңсе тауарлары, медпункт және т. б.)	Мектеп әкімшілігі	Емтихан өткізуге аудиторияның дайындығы	Емтихандар басталғанға дейін
6	Ерекше білім беру	Мектеп әкімшілігі	Аудиторияның	Емтихандар

	қажеттіліктері бар балаларға қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін мектепте ерекше жағдай жасау (қажет болған жағдайда)		дайындығы, ассистенттің болуы	басталғанға дейін
7	9-сынып оқушыларымен емтихандағы мінез-құлық ережелері туралы нұсқама жүргізу	МБӨЖО Румянцева О.А.	Нұсқаулық ведомосі	Емтихандар басталғанға дейін
8	Емтихан материалдарын қабылдау және сақтау	Емтихан комиссиясының төрағасы	Қабылдау- тапсыру актісі	Емтихандар басталғанға дейін
9	Емтихан комиссиясының мүшелерімен нұсқаулық жүргізу	Емтихан комиссиясының төрағасы	Нұсқаулық ведомосі	Емтихандарды өткізілгенге дейін
10	Емтихандарды өткізу кезінде әкімші мен кезекшінің жұмысын ұйымдастыру	Емтихан комиссиясының төрағасы	Нұсқаулық	Емтихандарды өткізу күндері
11	Аудиториядағы кезекшіге емтихан материалдарын беру	Емтихан комиссиясының төрағасы	Тапсыру актісі	Емтиханың басталуына дейін 30 минут қалғанда
12	Емтихан өткізу	Мектептің емтихан комиссиялары		Емтихандарды өткізу күндері
13	Аттестаттау комиссиясының мүшелерімен нұсқаулық өткізу	Аттестаттау комиссиясының төрағасы	Нұсқаулық ведомосі	Емтихандарды өткізілгенге дейін
14	Балл қою схемасына сәйкес білім алушылардың емтихан жұмыстарын тексеруді жүзеге асыру	Аттестаттау комиссиясы	Емтихан ведомосі	Емтихандарды өткізу күндері
15	Қорытынды аттестаттауды өткізу ережелерін сақтау	Аттестаттау комиссиясы	Тәртіп бұзушылық туындаған жағдайда нәтижелерді жою	Емтихандарды өткізу күндері
16	Апелляциялық комиссия мүшелерімен нұсқаулық өткізу	Емтихан комиссиясының төрағасы	Нұсқаулық ведомосі	Апелляция жүргізгенге дейін
17	Қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша өтініштер және апелляция қабылдау	Аттестаттау комиссиясы	Хаттама (қабылданған өтініштер жағдайында)	Апелляцияны өткізу кезінде
18	Емтихан нәтижелері туралы ақпараттандыру	Емтихан комиссиясы	Емтихан нәтижелері	Аттестаттау және апелляциялық комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін
19	Тапсырылатын пәндер бойынша негізгі орта білім беру курсына қорытынды баға қою	Мектептің аттестаттау, емтихан комиссиясы	Қорытынды бағалар	Аттестаттау және апелляциялық комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін